



ПАВЛОДАР  
АТАУЫ ҚАШАН  
ҚАЗАҚШАЛАНАДЫ?

2-бет



Дәурен АБАЕВ:

БІЗГЕ АҚПАРАТТЫҚ  
ГИГИЕНА ҚАЖЕТ  
СИЯҚТЫ

6-бет



СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ  
ЗАХЛЕСТНУЛА МОДА  
НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

11-бет

# ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№38 (804), 1 қазан, 2018

## ҮШТІЛДІЛІКТІҢ МАҚСАТЫ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚАЖЕТ ЕТПЕУ МЕ?

«ПАРЛАМЕНТ ПЕН ҮКІМЕТ ТЕК ҚАНА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУІ ТИІС»  
ДЕГЕН ЕЛБАСЫ СӨЗІ ҚАЙДА ҚАЛДЫ, ИСИМБАЕВА ХАНЫМ?!



ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Парламент пен Үкімет тек қана қазақ тілінде сөйлеуі тиіс» деп қадап тұрып айтқан сөзі әлі де кейбіреулердің құлағына кірер емес. 24-қыркүйек күні Парламентте өткен Үкімет сағатына қатысқан Астана мен Алматы, Солтүстік Қазақстан мен Алматы облыстары әкімдерінің орынбасарларының ішінде тек Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаевтан басқасының бәрі орыс тілінде сөйледі...

5  
бет



Тақир БАЛЫМБАЕВ

### ТҰҢҒЫШ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ОРДАСЫ

Еліміздегі алғашқы жоғары білім ордасы болып табылатын Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің бүгінгі таңдағы еңсесі биік. Университет алғаш құрылған кезден бастап күні бүгінге дейін басынан сан алуан тарихты өткізе отырып, қоғам өмірінің барлық салалары үшін білікті мамандар даярлауда еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің көшін бастап келеді.

8-9  
бет

## ШИКІ ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ СЕНАТОРЛАРДЫ ДА ШАРШАТТЫ

Жоғары палатаға заң шығару процесін жетілдіру туралы құжатты алып келген Марат Бекетаев заң жобасын әзірлеуді «ағылшындардан үйрену керек» деп отыр. Айтуынша, ол елде кез келген құқықтық құжат міндетті түрде қоғамдық талқылаудан өтіп, сәтті іске асады дейді министр. Бірақ сенаторлар мұнымен мәселе шешілмейді дейді. Айтуларынша, ол үшін лобби жасауға тыйым салатын заң қабылдау керек.

2  
бет



## Цивилизационный разлом в РК: КОНФЛИКТ «АРАБСКОГО» И «СТЕПНОГО» ИСЛАМА

Новый учебный год в Казахстане начался очередной «войной» в религиозной сфере. 1 сентября в селе Фердауси Туркестанской области на занятия пришли свыше 200 учениц с покрытой головой. В итоге разьяснительной работы с родителями абсолютное большинство учениц согласилось с требованием руководства школы снять платки. В селе живут в основном этнические таджики.



## КІМДІКІН ЖЕСЕҢДЕР ДЕ ЖЕЙ БЕРІҢДЕР, БІРАҚ ЕЛДІҢ МИҢЫН ЖЕМЕҢДЕР!

16  
бет

# ШИКІ ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ СЕНАТОРЛАРДЫ ДА ШАРШАТТЫ

Сенат төрағасы Парламентке шикі заң жобасын алып келетін Үкімет мүшелеріне маңызды іске атүсті қарауды тоқтату керектігін қатаң ескертті. Қасым-Жомарт Тоқаев шала жазылған заң жобасын депутаттарды қойып, оны құрастырған шенеуніктердің өздері не жазғанын түсінбейді деді.

— Қабылданған заңға бір жыл ішінде жүз шақты түзету енгізген жағдайлар болды. Тіпті кейбірі бір-біріне қарама-қайшы. Өзара байланыс жоқ. Не жазылғанын ұқпайсың. Мұны Әділет министрі де мойындап отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жоғары палатаға заң шығару процесін жетілдіру туралы құжатты алып келген Марат Бекетаев заң жобасын әзірлеуді «ағылшындардан үйрену керек» деп отыр. Айтуынша, ол елде кез келген құқықтық құжат міндетті түрде қоғамдық талқылаудан өтіп, сәтті іске асады дейді министр. Бірақ сенаторлар мұнымен мәселе шешілмейді дейді. Айтуларынша, ол үшін лобби жасауға тыйым салатын заң қабылдау керек. Өйткені депутаттар шикі заң жобасын өтірік қолдай салуды әдетке айналдырған. Мұхтар



Құл-Мұхаммед, сенат депутаты: — Мәселен, бюджет мәселесі қаралғанда, аймақ әкімдеріне таныс депутаттары лобби жасап отырады. Мұны барлығы біледі. Қысқасы, Парламентке кез-келген заң жобасы келсе, оны өтірік қолдайтын депутаттар көп. Сол үшін, дамыған елдердегідей, лобби жасау туралы да заң қабылдау керек.

Бұл жерде ескеретін мынандай мәселе бар. «Лоббиды» проблема етіп қажеті жоқ. Өйткені, белгілі бір аймақтан сайланған депутат өз облысының дамуына атсалысуға міндетті. Сондықтан ол өз сайлаушыларының әлеуметтік-

тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін дауыс береді. Ал, заң жобасына келетін болсақ, оның алдын ала қоғамда талқыланғаны дұрыс. «Ағылшынша», «африкаша» деп айқайлаудың да керегі жоқ. Заң мәжілісмендер мен сенаторлар үшін емес, алдымен сол қоғам үшін жазылады. Біздің тәжірибеде салалық министрліктер өз қалауынша жобаны дайындап, парламентшілер үн-түнсіз қабылдай салады. Содан барып қолдануға келгенде жанағы заң түкке тұрғысыз болып қалады. Бір сөзбен айтқанда ашықтық, халықтың пікірімен де санасу керек.

## ПАВЛОДАР АТАУЫ ҚАШАН ҚАЗАҚШАЛАНАДЫ?

Павлодар облысында үш ауылдың атауы өзгерді. Мұндай шешім 26-қыркүйек күні өткен Павлодар облыстық мәслихатының кезекті сессиясында қабылданды.

Ауыл тұрғындарының өтінішін ономастикалық комиссия қарастырып, депутаттар қолдады. Осылайша, Баянауыл ауданының Сәтбаев ауылдық округінде екі елді мекеннің атауы өзгертілді. «Теңдік ауылы — Мұса Шорман ауылы,

Қараашы — Қаныш Сәтбаев ауылы болып қайта аталды», — деді облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Сәуле Османова. Сондай-ақ, Жанажол ауылы Мәшһүр Жүсіп ауылы болып өзгерді. Биыл Павлодар облысында «Рухани жаңғыру» аясында Мұса Шорманның 200 жылдығы аталып өтті. Мерейтойы шеңберінде Теңдік ауылында тұлғаға ескерткіш орнатылды. Жоба демеушілердің есебінен жүзеге асырылды. Сонымен қатар,

Баянауыл ауданында Ертіс өңірінің қайталанбас тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 160 жылдығы және ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 125 жылдығы да тойланған болатын.

Біртуар тұлғаларды ұлықтаған орынды. Биыл Лебяжі ауданы Аққулы болып өзгертілгені де белгілі. Бірақ, бұл өңірде орысша аталатын елді мекендер әлі де жетерлік. Ең бастысы, облыс орталығы Павлодар қаласының атауы қашан қазақшалады екен?..

## МИНИСТР АҚПАРАТ ӨКІЛДЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Astana Media Week аясында өтіп жатқан форумда ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев бірқатар өңірлік БАҚ-ты мерейтойларымен құттықтап, алғыс хаттар табыстады.

Атап айтқанда, Дәурен Абаев Шығыс Қазақстан облыстық «Рудный Алтай» газетінің — 100, «Атырау» газетінің — 95, Ақмола облыстық «Есіл Нұра» және «Вести Ақмола» газетінің — 90, Қызылорда облыстық «Жаңақорған тынысы» газетінің — 85, Алматы облыстық «Заман жаршысы» газетінің — 85, Павлодар облыстық «Ақ жол — Новый путь» газеті мен Халық радиосының — 80, Қарағанды облыстық «Жаңаарқа» газетінің — 80, «Вечерний Алматы» газетінің — 50, «Маңғыстау» газетінің — 45, Қарағанды облыстық «Сарыарқа» газетінің — 45, «Алматы ақшамы» газетінің — 30, Батыс Қазақстан облыстық «ТДК 42» телеарнасының — 20, Қостанай облыстық «Алау ТВ» телеарнасының 20 жылдық мерейтойларымен құттықтап, БАҚ басшыларына алғыс хаттар табыс етті. Салтанатты шара барысында сөз алған «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай осымен үшінші рет



өтіп отырған «Өңірлік БАҚ» форумы үлкен ақпарат алаңына айналғандығын баса айтты. «Мемлекет басшысының қолдауымен, Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің тікелей ұйымдастыруымен өтіп жатқан бұл форум еліміздің медиа кеңістігін нығайтуда, дамытуда үлкен қадамдар жасап отыр. Медиа мәдениетті қалыптастыруда мұндай форумдардың ықпалы өте зор. Әсіресе, жергілікті БАҚ-тардың жұмысын дамытуға да зор серпін берері сөзсіз. Тәуелсіздіктің елең-алаңында үлкен тартыспен, зиялы қауым өкілдерінің қолдауымен жарық көрген «Алматы ақшамы» газетіне осы форум аясында көрсетіп отырған құрметіңізге рахмет», — деді газет басшысы Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевқа.

## МЕЦЕНАТ АУЫЛҒА МЕШІТ САЛДЫРТЫП БЕРДІ

Өзінің қайырымдылық істерімен жиі көзге түсіп жүрген белгілі азамат, «ZHERSU» инвестициялық-өндірістік корпорациясының бақылау кеңесінің төрағасы Бауыржан Оспанов ауыл халқына мешіт салып берді. Құлшылық үйі Алматы облысының Алақөл ауданына қарасты Лепсі ауылында бой көтерді.

150 адамға лайықталған жаңа мешіттің ашылуына «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-

зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиев, Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының наиб муфти Алау Әділбаев, Талдықорған өңірі бойынша өкіл имам Ардақ Нүсіпханұлы, Алақөл ауданының құрметті азаматы Мұқаш Байғарашов, белгілі меценат «ZHERSU» инвестициялық-өндірістік корпорациясының бақылау кеңесінің төрағасы Бауыржан Оспанов және алақөндік имамдар мен ауыл тұрғындары қатысты. Жаңа мешітке Ермек Утбаев имам болып тағайындалып, құран оқыды.

## ПОЛИЦИЯ КӨЛІКТІ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ТОҚТАТА АЛАДЫ?

Сенаттың жалпы отырысында ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Ерлан Тұрғымбаев полиция автокөліктерді қандай жағдайларда тоқтата алатындығын түсіндірді.

«Заңға сәйкес, жол-патрульдік полиция қызметкерлеріне көліктерді себепсіз тоқтатуға тыйым салынған. Атап айтқанда, жедел профилактикалық шаралар кезінде ғана тоқтатады және біз ол жайында БАҚ-та алдын ала хабарлаймыз. Сонымен қатар, түрмеден қашқандарды іздестіру бойынша шаралар жүргізілгенде тексеріледі. Басқа жағдайларда біздің қызметкерлер көліктерді тоқтатуға құқылы емес. Сондықтан, полицейлер тек жол ережесі бұзылған жағдайда ғана заңды іс-қимылдар жасай алады», — деді министрінің орынбасары. Оның сөзіне қарағанда, қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану фактілері орын



алған кезде, ведомство жария емес шараларды өткізеді. Осы орайда министрлік өкілдері қызметтік емес көліктермен тексеруді аралап, жұмыс рәжімін бектеседі. Бұдан бөлек, ол жедел профилактикалық шаралар тұтас ел аумағында жүргізілмейтінін еске салды. «Біз сот орындаушыларымен бірге айппұлдарды өтеу бойынша рейдтік шараларды ұйымдастырамыз. Ол туралы БАҚ-та хабарлаймыз және осы іс-қимылдар өңірлерде шектеулі түрде өткізіледі. Яғни, тұтас республикада жүргізілмейді», — деді министрінің орынбасары.

## АСТАНАҒА КІРУ АҚЫЛЫ БОЛМАҚШЫ

Астанаға көлікпен кіру ақылы болмақ. Бас қалада көлік нөпірін азайту үшін, ақы төлеу жүйесін енгізу қарастырылып жатыр.

Алдымен қалада кептеліс кезінде сырттан келетін машиналарды азайту көзделеді. Тәуліктің басқа уақытында қала бойынша жол жүру тегін болады. Ақылы жол әзірге алты бағытқа енгізілмек. Олар Қорғалжын, Қосшы, Қарағанды, Павлодар, Қостанай және Көкшетау бағыты.

«Астана LRT» ЖШС басқарма басшысының орынбасары Бейбіт Есжановтың айтуынша таңғы сағат 07.00 мен 09.00 және кешкі сағат 17.30 бен 20.00 аралығы ақылы болады деп жоспарланып отыр. Бұған себеп — қалаға күнделікті 82 мыңнан аса көлік кіреді екен. Оның шамамен 17 пайызы — 13500 көлік таңғы қарбалас уақытта. Мамандардың болжауынша, ақылы төлем енгізілсе, халық қоғамдық көлікке ауысады және сырттан келетіндер де азаяды.

## МЕНИНГИТ ҚАЙТА ДЕНДЕЙ БАСТАДЫ

Алматы облысында соңғы 10 күннен бері 3 оқушы менингит диагнозымен ауруханаға түскен. Сондықтан, Қаскелең қаласындағы менингит шыққан Абай мектебі оқушыларының ата-аналары осы білім ошағын карантинге жабуды талап етуде.



Ал жұқпалы аурулар ауруханасындағы дәрігерлер бұлай дабыра жасауға себеп жоктығын айтады. Құсуы жиілеп, басы ауырған алтыншы сыныптың оқушысына ақ халаттылар өткен аптада ірінді менингит деген диагноз қойды. Абай мектебінде білім алатын жеткіншектердің ата-аналары қазір балалары үшін алаңдаулы. Карантинге жаппаса, менингит одан әрі дендеп кете ме деген үрейлері бар. «Біздің ойымызша, карантин

жариялау керек. Әлде өлімді күтіп отыр ма?» дейді балаларын оқуға жіберуге қорыққан ата-аналар. Қаскелеңдегі жұқпалы аурулар ауруханасында Абай мектебінен түскен оқушыдан бөлек, тағы екі жеткіншек жатыр. Үшеуіне де ірінді менингит диагнозы қойылған. Дәрігерлер өмірге қатер төндіретін қауіп жоқ деп сендіріп отыр. Жалпы, жыл басынан бері бұл ауруханада 63 адам менингиттен айығып шығыпты.

# САҒЫНТАЕВ ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫ ЖҰМЫСЫН СЫНҒА АЛДЫ

ҚР Ішкі істер министрлігі ақпараттық тұрғыдан ашық болуы қажет. Бұл туралы Үкіметтің кезекті селекторлық режимдегі отырысында премьер-министр Бақытжан Сағынтаев саладағы орын алған кемшіліктерге байланысты министр Қ.Қасымов пен департамент басшыларына баса айтты.

«Егер де біз халықтың алдына шығып, жасаған жұмысымыздағы кемшіліктердің негізі халықтың өсуінен, болмаса пәтерлердің көп салынуынан деп айтар болсақ, онда ешкім түсінбейді. Онда, алдын ала жоспарлайық. Мысалы, биыл 12 миллионнан астам текше метр үй салынды делік. Онда Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы тұрғызылатын үй саны 10 пайызға өсті, яғни қылмыстың саны пәленше пайызға өседі деп алдын ала жоспарлайды. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Пәтерді көп салдық, сондықтан, қылмыс көбейді, автокөлікті көп сатып алғандықтан, көлік ұрлығы өршіді деп қарап отыратын болсақ, онда біз не жұмыспен айналысамыз?» — деп атап өтті Үкімет басшысы. Сондықтан, Бақытжан Сағынтаев әкімдерге құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі салааралық комиссия отырыстарын өткізіп, өңірлердегі проблемаларды қарастыруды және

қоғамдық қауіпсіздікті айтарлықтай нығайтуға ықпал ететін шараларды қабылдауды тапсырды.

«Ішкі істер министрлігі ақпараттық тұрғыдан ашық болуы қажет. Қылмысқа қарсы күрес, толқыныс тудырған қылмыстарды тергеп-тексеру, қоғамдық қауіпсіздік мәселелері бойынша ІІМ-нің баспасөз орталығында жауапты тұлғалар жүйелі түрде брифинг өткізіп тұруы қажет. Сонымен қатар қоғамдық кеңес жұмысын жандандыруға тиіспіз. Осыны сізге тапсырамын. Келесі жолы бұл сұрақты қайта қарау үшін Үкімет отырысына шығаратын боламыз», — деді премьер-министр Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовқа.

Жиын барысында Үкімет басшысы 2018 жылдың сегіз айында Атырау облысында аса ауыр қылмыстар — 44, адам өлтіру — 6,7, тонау — 42,9, зорлық жасау — 6,1 және жол-көлік оқиғаларында мерт болғандар саны 43 пайызға

артқанын айтты. Сонымен қатар, Атырау облыстық Ішкі істер департаментінің бастығы Аян Дүйсенбаевтың есебі тыңдалды. Оның айтуынша, Атырау облысында аса ауыр қылмыстар тек қана 1, 2 және 3 бірлікке ғана өскен. Дегенмен, пайызға шаққанда көп болып көрініп тұр. Мәселен, былтыр 25 адам өлімі, биыл 26 адам өлімі тіркелген.

«Облыс орталығында қылмыстың артуына себеп халық санының өсуі болып отыр. Мәселен, соңғы 5 жылда Атырау қаласының халық саны 100 мың адамға көбейген... Жол-көлік оқиғаларының өсуіне қатысты айтар болсам, Атырауда соңғы 5 жылда көлік саны 96 мыңнан 150 мыңға дейін өсті», — деді ол.

Бақытжан Сағынтаев сала бойынша бос тұрған 10 пайыз вакансия қысқартылып, үнемделген қаражат жалақыны көтеруге жұмсалатындығын атап өтті. Осы орайда «Ал, сіз кадр жетпейді дейсіз. Вакансияны қысқартса қалай жұмыс істейсіз?», — деп сұрады премьер-министр департамент басшысынан.

«Қысқарса, қызметкерлері-



міздің жалақысы көбейеді ғой. Жүктеме нормасы шамалы өсетін болар. Істейміз, шамамыз бар, қадағалаймыз. Министрден қандай шешім болады, қолдаймыз», — деп жауап берді ол. Министр мен департамент басшысының бұл сөздері сыныққа айтар сылтау ғана. Халқының саны миллиардтап есептелетін көрші Қытай елінде неге қылмыс бізге қарағанда аз? Себебі ол елде тәртіп бар. Кез-келген заң мүлтіксіз орындалады. Ең бастысы құқық қорғаушылар өздері тәртіп бұзбайды. Ал бізде шенділердің өздері заңды аттап қылмыс жасап жатады. Одан кейін бұл саланың жұмысы қайтып оналсын.

«Ақша берсе қылмысты тоқтатамыз. Ал айлық бермесе,

айлықты көбейтпесе, қылмыспен күреспейміз. Сіздің жауабыңыз тура солай болды. Сіз адам өміріне қызық қарайсыз. Былтыр 25 адам, биыл 26 адам өлген дейсіз. Бір адам болса да ол адамның өмірі, оған жеңіл қарауға болмайды», — деп ескертті Бақытжан Сағынтаев.

Ішкі істер саласының жұмысы көпшіліктің көңілінен шықпай үнемі сынға ілініп келе жатқаны белгілі. Әсіресе, өткенде атақты спортшы Денис Тенді өлтіріп кеткен кезде халықтың ішкі істер министрлігіне деген наразылығын анық байқадық. Шенділердің қимылы қашан ширайды? Сала бойынша оң нәтиже беретін реформа қашан жасалады? Бұл сұрақтың басы әлі де ашық қалып отыр.

## ЖЕМҚОРЛАРДЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Астана елімізде жемқорлыққа белшеден батқан басты қала болып шықты. Қылмыстың осы түрі бойынша сараптама жүргізген Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің өкілдері осындай мәлімет таратты.

Биылғы өткен 8 айда ел аумағында жемқорлыққа қатысты 1393 дерек анықталған. Қалтаға басқан ауызбастырықтар көлемі 5 мыңнан бастап 30 миллион теңгеге дейін, ал ұрланған ақша көлемі 10 мыңнан 3 миллиард теңгеге дейін барады. Соның ішінде, жыл басынан бері бір Астананың өзінен 112 жемқорлық дерегі анықталған. Оның себебі, қалада басты мемлекеттік органдар көп шоғырланған. Қостанай мен Түркістан облыстары да бұл көрсеткіш бойынша алда келеді. Ең аз көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысында.

«Осы қысқа мерзімде сыбайлас жемқорлыққа қатысты құрылыс саласында — 157, білім беру — 110, жер телімі — 101, ауыл шаруашылығы саласында 95 іс қозғалды», — деді Ұлттық бюро орталығында өткен баспасөз мәслихатында аталған ұйымның ресми өкілі Жанна Бастарова. Оның айтуынша, жыл басынан бері 511 тексеру жүргізіліп, 100 мыңнан астам заңбұзушылық анықталған. Дегенмен, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда заңбұзушылықтар саны азайғаны байқалады. Яғни, 230 мыңнан 100 мыңға дейін төмендеген. Үстіміздегі жылы мемлекеттік органдардың 5 лауазымды тұлғасы жұмыстан босатылып, ӘҚБтК 465-бабы бойынша әкімшілік құқық



бұзушылықтар жөнінде 257 хаттама жасалып, 123 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылды. Жауапкершілікке тартылғандардың 52% — мемлекеттік қызметкерлер, 41% — мемлекеттік органдарға бағынышты ұйым қызметкерлері, ал 7% — әскери қызметшілер. Бұл жағдайлардың басым көпшілігі Алматы (17%), Қостанай және Қарағанды (9%) облыстарына тиесілі екен.

Сонымен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің бұл сараптамасы нені көрсетеді? Біріншіден, жемқорлық атаулы мемлекеттік органдарда орын алатыны осы ресми деректерден-ақ бірден көрініп тұр. Оған мемлекеттік қызметкерлердің жылдар бойы орын алып келе жатқан қылмыстарынан жүздеген мысалдар келтіруге болады. Адал қызмет көрсетеді деген мамандарымыздың халық сенімін ақтамақ түгіл, мемлекет

қаржысын ұрлап, бұқараның емес жеке басының қамын күйтегендеріне көз жеткізіп отырмыз. Екіншіден, сала бойынша және жергілікті жерлердегі басшылар қарамағындағы мамандарды дұрыс таңдамайтынын, оларға деген бақылаудың жоқтығын аңғаруға болады. Тіпті сол басшыларының өзі жиі-жиі заң бұзатыны да жасырын емес. Бұның бәрі бұрыннан айтылып келе жатқан белгілі жағдайлар. Бірақ, қанша айтылғанмен жағдай түзелер емес. Миллиардтап жеген қылмыскерді миллиондап айыппұл төлеткізіп сот залынан босатып жіберетін заңды да бекітіп берді. Бір жағынан қылмыскерлерге өзіміз жағдай жасап беріп отырмыз деуге болады. Сондықтан, халықтың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын, мемлекеттің қорғаныс қабілетін әлсіретуге тікелей апарып соғатын жемқорлар мен паракорларға қарсы қолданатын біздегі заңдарды әлдеқайда қатаңдату керек сияқты.

## ОРЫНБАСАРЫ ПАРАМЕН ҰСТАЛСА БАСТЫҒЫ ДА ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТЕДІ

Орынбасары парамен ұсталса, бірінші басшы да жауапқа тартылады. Демек, қол астындағы қызметкері жемқорлыққа салынып істі болған жағдайда министр немесе әкім бірден қызметтен кетуге тиісті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға осындай өзгеріс енгізуді ұсынғаны туралы КТК телеарнасы хабарлады.

— Кез-келген мемлекеттік қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық жасаса, оның басшысы, ол саяси болсын, әкімшілік қызметкер болсын жауапкершілікке тартылып, қызметінен босатылады, — деп мәлімдеді Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Бектенов.

Агенттіктегілер заңға өзгеріс енгізетін бұл құжатты Мәжіліске өткізіп те үлгеріпті. Енді жана жобаны депутаттар талқылауда. Зандағы жаңа ереже министр, әкімдерден бөлек департамент, бөлім жетекшілеріне де қатысты болмақшы.

Мәселен, қазір Энергетика министрінің қос бірдей орынбасары ұйымақта отыр. Бірақ министр жауапкершілікке тартылмайды дейді агенттіктегілер. Себебі, оның орынбасарлары заң жобасы дайын болмай тұрып ұсталған. Естеріңізге салсақ, Бурабайдағы көлді тазартуға бөлінген бюджет қаржысын жымқырды деген күдікпен Энергетика вице-министрлері Бақытжан Жақсалиев пен Ғани Сәдібековтің қолына кісен салынған еді. Қазір оларға қатысты сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ал бұған дейін вице-министр немесе облыс, қала басшыларының орынбасарлары парамен ұсталса, оған министр мен әкімдер жауап бермейтін-ді. Ашыған айтсақ, бұндай шараны қолдану керектігі жайында мерзімді басылымдарда, оның ішінде «Қазақ үні» газеті бірнеше жылдан бері тұрақты жазып келгені белгілі. Өйткені, қол астындағы орынбасары бастығының келісімінсіз пара алмайтыны айтпаса да түсінікті емес пе? Бастықтары орынбасарларының қолымен от көсеп жүргенін құқық қорғау орындары енді ғана көргендей кейіп танытып отырғаны көпшілікті қайран қалдырады. Өкінішке орай, біздегі билік қоғамдық пікірге құлақ түре бермейді. Көпшіліктің ұсынысына назар аударғанда бұл заң осыдан бірнеше жыл қабылданған болар еді. Әрбір басшы қол астындағы қызметкерлеріне қатаң бақылау жасаса оның жауапкершілігі де артып, қылмыс та азаяды.

# «XXI-ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

Байқаудың басты мақсаты – Қазақстан қоғамын жаңғыртуда «Алаш» қозғалысының шығармашылық мұрасын және принциптік көзқарастарын тарату.

Байқауға қатысуға Алаш мұрасына қызығушылық танытып, осы тақырыпта ғылыми зерттеулермен және публицистикамен айналысып жүрген 18-35 жас аралығындағы барлық, шет елдердегі отандастарымызды қоса алғанда, ізденушілер шақырылады.

Байқау жұмыстары қазақ, орыс және Қазақстанның басқа этностарының тілдерінде қабылданады. Сондай-ақ, шетелдік ізденушілерге өздерінің қалаған тілін таңдау мүмкіндігі беріледі. Байқауды ұйымдастырушылар байқау жұмыстарын мемлекеттік тілге аударуды қамтамасыз етеді.

Байқау үш кезеңнен, төрт номинация бойынша өткізіледі.

Номинациялар:

1. Алаш қозғалысы және ұлтты саяси дамыту мәселелері;
2. Алаш қозғалысы және ұлтты экономикалық-әлеуметтік дамыту мәселелері;
3. Алаш қозғалысы және ұлтты рухани жаңғырту мәселелері;
4. Алаш қозғалысы тарихындағы белгісіз оқиғалар мен жана есімдер.



Кезеңдер:

1-ші кезең: жазбаша жұмыстарды (эссе, шығармалар) сырттай іріктеу. Байқау жұмыстары 2018 жылдың 1-қазанына дейін қабылданады. Ұсынылатын жұмыстардың көлемі 12 беттен аспауы тиіс.

Жұмыстарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, байқаудың арнайы қазылар алқасы екі аптаның ішінде әрбір номинация бойынша түскен материалдардың саны мен сапасына орай 10 үміткерге дейін іріктеп алады, олар екінші, бетпесті кездесетін пікірталас кезеңіне қатысуға шақырылады.

2-кезең: 1-ші кезең жеңімпаздарының бетпесті пікірталастары. 1-ші кезеңнің қорытындылары шығарылғаннан кейін екі аптаның

ішінде өткізіледі. Бетпесті кездесетін пікірталастар барысында үміткерлер әр номинация бойынша өзінің байқау жұмысын қорғайды, одан кейін сұрақтарға жауап береді, басқа баяндамаларды талқылауға қатысады. Пікірталастар әрбір номинация бойынша бөлек өтеді. Пікірталастар қорытындылары бойынша әр номинациядан 3 үміткерден финалдық сатыға – байқаудың 3 кезеңіне қатысу үшін іріктеліп алынады.

3-кезең Алаш қозғалысының 101 жылдығы қарсаңында 5-13 желтоқсан аралығында «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық конференциясы аясында өткізіледі. 2-ші кезеңнің жеңімпаздары баяндамалармен

сөйлейді және сұрақтарға жауап береді. Талқылаудың қорытындысы бойынша байқаудың басты марапаттарының иегерлерін арнайы қазылар алқасы анықтайды.

Конкурс материалдары жеке бақылаумен жарияланатын болады.

Байқаудың жүлделік қоры 4 миллион теңгені құрайды.

Жалпыұлттық байқаудың жеңімпаздары мен лауреаттары үшін келесі сыйақылар белгіленеді:

- 1-ші кезеңде Байқаудың екінші кезеңінің қатысушылары анықталады;
  - 2-ші кезеңде Байқаудың финалына – 3-ші кезеңге өткен қатысушылар анықталады (әр номинация бойынша 3 үміткер).
- Жазба жұмыстары авторларының

(әр номинация бойынша 7 адамға дейін, келесі кезеңге өткендерден басқасы) әрқайсысы – 25 мың теңгемен марапатталады;

– 3-ші финалдық кезеңде 4 номинацияның әрқайсысы бойынша жүлделік орындарды бөлу жүргізіледі, оларға келесі сыйақылар беріледі:

- Бірінші орын – 300 мың теңге;
- Екінші орын – 200 мың теңге;
- Үшінші орын – 100 мың теңге.

Байқаудың барлық қатысушылары грамоталар мен алғыс хаттармен аталып өтеді.

Әр номинация бойынша жеңімпаздарға және жүлдегерлерге Жалпыұлттық «Алаштың Ақ жолы» байқауының лауреаты» төсбелгісі табысталады.

Байқаудың бетпесті пікірталастар кезеңдерінің (2-ші, 3-ші кезеңдер) қатысушыларының іссапар шығындарын «Ақ жол» ҚДП төлейді.

Байқау жұмыстары «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» белгісімен «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы Орталық аппаратының мекен-жайына (Астана қаласы, Мәңгілік ел, 30, «Ақ жол» ҚДП кеңсесіне) немесе [alash\\_akzhol@mail.ru](mailto:alash_akzhol@mail.ru); [akzholpress@mail.ru](mailto:akzholpress@mail.ru) электрондық поштамен жолданады.

«АҚ ЖОЛ»:

## АСТАНА МАҢЫНДАҒЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ДА ЖАҚСЫ ӨМІР СҮРУГЕ ТОЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ Б. Ә. САҒЫНТАЕВҚА  
ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Биыл бас қаламыз – Ел ордасы Астананың 20 жылдығын ел болып атап өтудеміз. Елбасының ерік-жігерінің, үздіксіз қолдауының арқасында Еліміздің ордасы, әсем қала Астана қазақ елі болашағының қаласына айналды.

Осыдан 10-15 жыл бұрын, еліміздің ішкі аймақтарынан келген біздің отандастарымыз, алыс жақын шетелден еліміз деп келген қандастарымыз үкілі үміттің жетегінде тәуелсіздігімізге мың тәубе жасап, Астананы айнала конған еді. Бүгіндегі ару Астанамызды салған тек белгілі архитекторлар мен шенеуіктер ғана емес, сонымен қатар жүздеген қарапайым жұмысшылардың да қажырлы еңбегі. Астананы өз қолдарымен қалаған адамдардың барлығы бірдей осы қаладан үй, пәтер алуға қол жеткізген жоқ. Астананың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген мыңдаған азаматтарымыз осы Астана маңындағы ауылдарда тұрады. Олардың да жұрт қатарлы жақсы өмір сүруге толық құқықтары бар.

2012 жылы Елбасы осы ауылдарды аралап, Үкіметке Астана агломерациясын дамытудың кешенді жоспарын жасауды тапсырды. Ол өз сөзінде: «Астана агломерациясының арнайы кешенді жоспарына 20 елді мекен кіреді,

оны дамытуға мемлекет тарапынан 40 млрд. қаржы жоспарланып отыр. Астанаға жақын орналасқан ауылдарға адамдар көшіп келіп, тұрақтап жұмыс істеуі үшін барлық мүмкіндік жасалуы тиіс. Үлкен қалалардың маңайына шоғырлану әлемде бар үрдіс», – деп атап өткен-ді.

Сол уақыттан бері Үкімет қабырғасында осы тақырыпқа байланысты талай жиын өтті. Бірақ бұл жиындардан адамдардың өмірінің өзгергенін көрмедік.

Бүгінде Астана түбіне шоғырланған ауылдарда халықтың саны күрт өсуде. Бір ғана мысал, Қоянды ауылында 1999 жылы 319 тұрғын болса, бүгінде, тек ресми мәлімет бойынша, 22000 мың адам, ал бейресми дерек бойынша, 35000 адам тұрады Үлкен өкінішке орай, адам санымен бірге бұл ауылдарда әлеуметтік, инфрақұрылымдық проблемалар да бірге өсуде. Бұл ауылдан 10 шақырым жердегі Астананың кейбір көшелері бір жылда екі рет жөнделсе, 15 жылда бұл ауылдың ішіндегі ұзындығы 154 шақырым жолдың 3,5 шақырымына ғана асфальт төселген. Осы жолмен күзде бес шақырым бөлік кешіп, қыста боранда тып, қар кешіп балалар мектепке барады. Ауылдың қиыр шетіне орналасқан 900 орындық мектепте 2700 оқушы білім алуа,



тек 1-класта ғана 16 сынып бар. Ауылдың тазалығы, ауыз су, оқушыларды тасымалдайтын көлік, жол, ауылдағы криминалдық ахуал сияқты мәселелер талай уақыттан бері айтылып келеді. Бірақ әлі толық шешімін тапқан жоқ. Осы олқылықтар жоғарыда аталған бір ғана ауыл емес, Астананы айнала конған Талапкер, Қажымұқан, Қосшы, Қараөткел, Тәйтөбе сияқты ауылдарға да тән.

2017 жылы 31-қазанда Үкімет отырысында Астана агломерациясының территориялық схемасы мақұлданды. Бұл аймақтың шеңберіне 124 елді мекен еніп, 2030 жылға агломерация халқының санын 2 млн.-ға жеткізу жоспарланып отыр. 2030 жылға дейін Астана аумағындағы ірі өнеркәсіп және өндіріс объектілерін жаңадан құрылатын үш индустриялық аймаққа көшіру жоспарланады.

Алайда, осы индустриялық аймақтардың бірі 35000 мың халқы бар Қоянды ауылын айналып өтіп, 86 ғана тұрғыны бар Жайнақ ауылына, енді бірі 15000 халқы бар Талапкерге емес, 854 адамы бар Төңкеріс ауылына орналасатын болыпты. Әрине индустриялық аймаққа орын іздегенде темір жолдың тоғысы, тағы басқа да инфрақұрылымдық, экономикалық категориялар негізге алынған болар. Естеріңізге сала кетейік,

ең жоғарғы экономикалық категория – ол адамның еңбегі, темірді де, көмірді де нағыз құндылыққа айналдыратын адамның еңбек күші.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Кеше ғана Үкімет 2019-2023 жылдарда Астана құрылысының кешенді жоспарын бекітті. Осы орайда, «Ақ жол» фракциясының мынадай сұрақтарына жауап берулеріңізді сұраймыз:

1. Астана қаласының, Астана агломерациясының перспективалық жоспарына қала маңындағы халқы тығыз орналасқан ауылдар енді ме?
2. Инфрақұрылым (жол салу, жылу, су тарту) және мәдениет ошақтарын салу жұмыстарына қаржы қарастырылған ба?
3. Осы ауылдарда оқушылардың санына сәйкес мектептердің құрылыстарына қаржы бөлінген бе?
4. Елбасының бес әлеуметтік бастамасына сәйкес бұл ауылдар газдандыру жоспарына енгізілген бе?
5. Жоғарыда аталған мәселелер қарастырылған болса, олардың орындалу мерзімі қандай?

Құрметпен, «Ақ жол» ҚДП  
фракциясының депутаттары

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Парламент пен Үкімет тек қана қазақ тілінде сөйлеуі тиіс» деп қадап тұрып айтқан сөзі әлі де кейбіреулердің құлағына кірер емес.

24-қыркүйек күні Парламентте өткен Үкімет сағатына қатысқан Астана мен Алматы, Солтүстік Қазақстан мен Алматы облыстары әкімдерінің орынбасарларының ішінде тек Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаевтан басқасының бәрі орыс тілінде сөйледі. Парламентке келіп тұрып, өздерінің қалаған тілдерінде сөйлеген облыс әкімі орынбасарларының бұл тілбұзарлығы Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұлдың ашуына тиіп, оларға қатты ашуланды.



Алматы облысы әкімінің орынбасары Айдәрбек Байжанов пен СҚО әкімінің орынбасары Дәурен Жандарбек парламентке келе жатқанда қайда келе жатқанын білмеді ме? Білсе, олардың Елбасының «Парламент пен Үкімет тек қана қазақ тілінде сөйлеуі тиіс» деген сөзін елемегені таңғалдырады. Иә, олардың бұл жауапсыз әрекеттеріне қарап, мемлекет басшысының мемлекеттік тіл туралы сөзін естімеген немесе елемеген деп қана баға береміз.

Астана қаласы әкімінің орынбасары, белгілі жазушы-драматург Ермек Аманша орыс тілін олардан артық білмесе, кем білмейді. Ол бірақ мемлекеттік мүддеге адалдығын танытып, мемлекеттік тілде сөйледі. Ал елдің ішінен келген екі орынбасар өздерінің саяси сауатсыздықтарын танытып, Елбасы сөзін аттап өтіп, Ресей тілінде сөйледі. Парламентке келіп тұрып, өз облыстарының атына кір келтіргені үшін бұл екі орынбасарды орындарынан алып тастауы керек. Бұл сонда өзгелерге сабақ болады.

Бұларды еркінсіткен не нәрсе? Ол қазір ешқандай заңдық негізі жоқ, басшы да, қосшы да жиі айтуды жақсы көретін «Бізде екітілділік, үш тілділік, «Қай тілде сауал берілсе, сол тілде жауап беру керек» деген ҚР Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңындағы Мемлекеттік тіл туралы статусты бұзатын жайылма сөздер. Оның «ең жарқын үлгісі» міне, парламентке де жетті.

«Қазір әрқайсымыздың екі тілде, тіпті үш тілде сөйлеуге құқығымыз бар. Қанша тіл білеміз, сонша тілде. Енді келген азаматтардың барлығы қазақ тілін білмейді деп айта алмаймыз, бәрі біледі. Тек өз ойларын жеткізу үшін біздің аудармаға кішкене сеніңкіремей, орыс тілінде сөйлегені ғой» деген вице-спикердің аузынан шыққан сөздер, міне, бұлардың мемлекеттік тілді білмей-ақ қоюына ықпал ететін заңсыз сөздер.

«Қазір әрқайсымыздың екі тілде, тіпті үш тілде сөйлеуге құқығымыз бар. Қанша тіл білеміз, сонша тілде», — дейді Мәжіліс төрағасының орынбасары.

Кателесесіз, Гүлмира Исимбаева ханым, басқа жерде қайдам, парламентте екі тілде де, үш тілде де, «қанша тіл білеміз, сонша тілде» де сөйлеуге біздің де, Сіздің тіпті құқыңыз жоқ! Мұны сізге мен емес, өзіңіз отырған парламент қабылдаған, Президент қол қойған Зандар айтады. Елбасы ерекшелеп тағы айтқанын тағы есіңізге саламын. Әлеуметтік желіде елдің екі әкімі орынбасарынан гөрі, вице-спикерге наразы болып жатқанын енді түсінген боларсыз деп үміттенемін.

«Тек өз ойларын жеткізу үшін біздің аудармаға кішкене сеніңкіремей, орыс тілінде сөйлегені ғой» дейді вице-спикер. Сонда Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі Парламентте «өз ойларын жеткізуге» жарамаса, онда ол жерде сіздер не үшін отырсыздар?

Сондықтан да ел 30 жылға жуық сіз айтқандай қалаған тілінде сөйлеп келе жатса, онда МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ НЕ ҮШІН, КІМГЕ КЕРЕК?!

Бұрын мемлекеттік тіл туралы заңды белінен басып, «ресми тілде сөйлейін» деп құтылатын. Қазір бұл сөздің заңсыздығын, Қазақстанға Ресей тілі ресми тіл бола алмайтынын Конституциялық Кеңестің қаулысы анықтап бергені ел жақсы біліп болды. Қайта ол сөз жұрттың реакциясын туғызатын болып жүр. Енді үштілділік деген ойлап табылды. Яғни, Екітілділік пен Үштілділік — Мемлекеттік тілден қорғану қалқаны болып тұр.

Бір қуанарлығы, қазір қоғамда «екітілділік», «үштілділік» дегенді алға тартушылық заң бұзушылық ретінде қабылдана бастады. Яғни, енді «бізде екітілділік, үштілділік дегенді айтып құтыла алмайсыздар, заңбұзар мырзалар мен ханымдар!

Өйткені, ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ біреу-ақ, ол — ҚАЗАҚ ТІЛІ!

Қазыбек ИСА  
Qazaquni.kz

# ҮШТІЛДІЛІКТІҢ МАҚСАТЫ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚАЖЕТ ЕТПЕУ МЕ?

«ПАРЛАМЕНТ ПЕН ҮКІМЕТ ТЕК ҚАНА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУІ ТИІС» ДЕГЕН ЕЛБАСЫ СӨЗІ ҚАЙДА ҚАЛДЫ, ИСИМБАЕВА ХАНЫМ?!.



«Біріншіден, екі облыс әкімі орынбасарының, Алматы облысы әкімінің орынбасары Айдәрбек Байжанов пен СҚО әкімінің орынбасары Дәурен Жандарбектің мемлекеттік тілде сөйлемегені — ұят дүние. Олар әлде мемлекеттік тілді білмей, менсінбегені ме, әлде Елбасының мақсат-мұратын құлағына ілмегені ме, түсінбей отырмын. Ұят нәрсе! Басшыларыңыз қандай аптал азаматтар! Ал сіздер парламентке келіп отырсыздар, бір ауыз амандасу да жоқ. Ұят емес пе, адамның намысы қайда?!», — деп шүйлікті Ауған соғысының ардагері, депутат Бақытбек Смағұл.

Бәрі де дұрыс еді. Мәжіліс депутаты өте орынды ескерту жасады. Осы кезде Мәжіліс төрағасының орынбасары, мемлекеттік тілге жанашыр болып жүретін қазақтілді Гүлмира Исимбаеваның үштілділік саясатын алға тартып, Ресей тілінде сөйлеген облыс әкімі орынбасарларына араша түсе қалғаны күтпеген жағдай болды.

«Қазір әрқайсымыздың екі тілде, тіпті үш тілде сөйлеуге құқығымыз бар. Қанша тіл білеміз, сонша тілде. Енді келген азаматтардың барлығы қазақ тілін білмейді деп айта алмаймыз, бәрі біледі. Тек өз ойларын жеткізу үшін біздің аудармаға кішкене сеніңкіремей, орыс тілінде сөйлегені ғой», — деп олардың заңсыз әрекетін жуып-шаймақ болып, бірдей вице-спикерлігін



ұмытып, жалпақшешейге айналып шыға келді.

Енді бәрі де осы жерден басталады. Вице-спикер Гүлмира Исимбаева қызметі жағынан да, жасы жағынан да, облыс әкімі орынбасарларына алдымен өзі ескерту жасау керек еді. Бақытбек баһадүр секілді екі заңбұзардың сазайын бермесе де... Ескертпеді ме, ескерту жасап жатқан депутаттың алдын кеспей, үнсіз қалуы керек еді. Мысалы, сол жерде Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматуллиннің өзі болса, вице-спикері секілді бұлай заңсыздыққа құр қарап отыра бермей, қарап отырғаны былай тұрсын, қайта тіпті оған болыса кетпей, екі заңбұзарды біраз сілкілеп алатыны анық еді.

Бір елдің заң шығарушы билігі Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары бола отырып, заң бұзушылықты ақтаған Гүлмира Исимбаева бұл жерде өзі де заңды бұзып отырғанын білер ме екен?

Ал енді вице-спикердің әрекетін талқылап, сөзін тәпсірлеп көрейік.

Біріншіден, Мәжіліс төрағасының орынбасары Гүлмира Исимбаева бұл сөзімен мемлекеттік тілдің мүддесіне көзкеңе түсіріп отыр. Үштілділік заңмен бекітіліп, парламент пен үкіметтің жұмыс тіліне айналды дегенді біз әлі естіп-білген жоқпыз. Сонда үш тілдің

бір тілін, мысалы, Ресейдің мемлекеттік тілін білсең болды, Қазақстанның мемлекеттік тілінін түкке де керегі жоқ па, Гүлмира Исимбаева ханым?

Екіншіден, ел енді үштілділіктің бір тілін білсең — мемлекеттік тілдің керегі жоқ екен деп ойлайды. Өйткені, бұл сөз ең жоғарыдан, заң шығарушы билік — Мәжілістен, төрағаның орынбасарының аузынан естілді. Онда ертең тағы біреу келіп біздің заң шығарушы органымызда ойына келгенін істеп, ағылшын тілінде сайрап-сайрап, «бізде үштілділік қой» деп қарап тұра берсін. Алыстан ешкімді іздемей-ақ, өзіміздің Ерлан Ыдырысов 2001 жылы парламенттегі «Миымды ауыстырмасаңдар, тілімді үйрене алмаймын» деген атышулы мәлімдемесіне адалдығын танытып, өзі тұтынатын Ресей немесе ағылшын тілінде сөйлесе не болады?

Сонда Елбасымыздың «Парламент пен Үкімет тек қана қазақ тілінде сөйлеуі тиіс» деген сөзі қайда қалады, Исимбаева ханым? Әлде ол сөз сізге әсер етпей ме?

Біз заң шығарушы биліктің басшыларының бірі, яғни, Мәжіліс төрағасының орынбасары Гүлмира Исимбаеваның өзі әлгі екі заңбұзарды қолдаймын деп, олардың алдына шығып шауып, өзі де заң бұзып отырғанын айттық.

Атап айтқанда, бұл жерде басқа заңдарды былай қойғанда, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңының 4-бабы өрескел бұзылды.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңының 4-бабына сәйкес — Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл болып — қазақ тілі танылады және барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға міндетті.

Ал Гүлмира Исимбаева мемлекеттік тілді дамыту орнына, керісінше, заңды бұзушыларды заңсыз ақтап алып, қолдау жасады.

Ал енді парламенттегі осы шудың кейіпкерлеріне келейік.



Дәурен АБАЕВ:

# БІЗГЕ АҚПАРАТТЫҚ ГИГИЕНА ҚАЖЕТ СИЯҚТЫ

**ҚР Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев «Азаттыққа» сұхбат беріп, ақпарат саласындағы елеулі өзгерістер, әлеуметтік желі мен сөз бостандығы, шалғайдағы ауылдарды интернетпен қамту секілді өзекті мәселелер бойынша бірқатар сұрақтарға жауап берді. Аталмыш мақаланы «Қазақ үні» оқырмандарына ұсынуды жөн көрдік.**

**Азаттық:** – Шілдеде ұлыбританиялық «Cable» компаниясының кеңжақты интернет жылдамдығы туралы шыққан есебіндегі тізімде Қазақстан 95-орында тұр. Бұл көрсеткішті жақсартудың қандай амалдары бар деп ойлайсыз?

**Дәурен Абаев:** – «Cable» компаниясының есептерін зерттедік. Олар адамдардан мәлімет алып, тексерген. Ол есеп бойынша біз Ресейден 45 орынға төменбіз. Олар Ресейде 1,5 миллион адамның арасында сауалнама жүргізген. Ал, біздің елде 100 мыңнан астам адамнан ғана сұраған. Бірақ біз елдегі инфрақұрылымды жанартамыз, жақсартамыз деп ойлаймын.

**Азаттық:** – Яғни, Ресейдегідей бір жарым миллион адам немесе миллиондаған адамға сұрау салса, онда Қазақстанға қатысты көрсеткіш өзгереді дейсіз ғой?

– Әрине, өзгереді. Мысалы, Дүниежүзілік экономикалық форумның биылғы ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексында біз 150 мемлекеттің ішінде 49-орындамыз, көрсеткішіміз жаман емес. Қазір елімізде халықтың 80 пайызға жуығы интернет қолданады. Бұл – өте жақсы көрсеткіш.

**Азаттық:** – Қазақстанды тұтас жылдам интернет байланысымен қамтудағы басты мақсат не?

**Дәурен Абаев:** – Бұл жерде ең бастысы – әлемде болып жатқан технологиялық өзгерістерден қалып қоймау. Өздеріңіз жақсы білесіздер, интернет, жаңа технологиялар арқылы бүкіл салалар қарқынды дамып келе жатыр. Мысалы, осыдан бес-алты жыл бұрын көліктер қалай болса, солай жүруші еді. Қазір мына бейнекамералардың арқасында жүргізушілердің жолда жүру тәртібі күрт өзгерді. Білім саласында біз үш тілді – ағылшын, орыс және қазақ тілдерін дамытамыз деп жатырмыз. Осы интернеттің арқасында, мысалы, онлайн курстарды жүргізе аламыз. Денсаулық сақтау саласы бойынша қаншама іс-шара, консультациялар жүргізіп, еліміздегі бүкіл процестерді зерттеуге болады. Осы саланы дамытпасақ, көптеген дамыған елдерден қалып қоямыз ба деген қауіп бар.

## СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ БҰҒАТТАУ

**Азаттық:** – Әлеуметтік желілерді бұғаттау Конституцияның 20-бабы 2-тармағындағы «Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар» деп жазылған қағидаға қайшы. Мұндай жағдайда қарапайым тұтынушы қайда барып, кімге шағымдана алады?

**Дәурен Абаев:** – Ондайда алдымен прокуратураға арыз жазса болады. Біздің сайтта «шағымдану» деген бөлім бар. Соған жазуға бо-

лады. Біз оны міндетті түрде қараймыз. «Мемлекеттік мекеменің қызметін бағалау» деген бар. Ол да жақсы жұмыс істеп келе жатыр. Мемлекеттік қызметкер онлайнға келіп түскен шағымдарға жауап беруі тиіс. Бұл оның балдарына әсер етеді.

Осындай үрдістер елдің өз ойын жеткізу мүмкіндігін одан сайын өсірді. Өйткені, бұрынғыдай емес, қазір интернеттің, мессенджердің, WhatsApp-тың арқасында халық тікелей әкімдерге шағымдана алады. Сондықтан, бұл процесс ашық болады деп ойлаймын.

**Азаттық:** – Яғни, қолдап отырсыздар ма?

**Дәурен Абаев:** – Иә, ашықтықты біз, әрине, қолдаймыз. Өйткені, ашықтықтың арқасында қоғам дамиды. Жемқорлық тәрізді бүкіл проблемалар осы арқылы шешіледі.

**Азаттық:** – Мемлекеттің интернетті бақылауға алу әрекеті азаматтардың сөз бостандығы мен пікір алуандығына қатысты құқықтарын одан сайын шектей түскен жоқ па?

**Дәурен Абаев:** – Бұл ешқандай сөз бостандығын шектеу емес. Бұрын ең бастысы – көп ақпарат алу болатын. Қазір бізге ақпараттық гигиена қажет сияқты. Өйткені, біз өте көп ақпарат ала аламыз. Сол үшін әр адамның ішінде өз шектеуі болуы керек. Бұл балаларға да қатысты.

Балалардың не көріп, қандай ақпарат алып жатқанына мемлекет қана емес, ата-анасы да жауапты. Оның сыртында фейк жаңалықтар қаптап кетті. Интернет арқылы адамдардың бір-бірін балағаттауы, өтірік айтуы да көбейді. Қазір бұл мәселемен біздің мемлекет қана емес, дүниежүзі бетпе-бет келіп тұр.

**Азаттық:** – Сұрақты тағы бір нақтыласақ. Ақтаулық Абловас Жұмаев деген азамат мессенджерге жазған жазбасы үшін үш жылға сотталды. Сіздіңше, азаматтардың ойын ашық жазғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы қаншалықты дұрыс?

**Дәурен Абаев:** – Бұл жерде не жазғанын қарау керек. Егер өз ойын ашық жазса, ешкімді жазаламайды, қудаламайды. Бірақ, еліміздің тыныштығын бұзуға, зорлық-зомбылыққа шақыру болса, ол заңға қайшы болады. Солтың да шешімі заңға сәйкес шығады деп ойлаймын.

**Азаттық:** – Интернет қолданушылар кешкілік уақытта YouTube, Facebook тәрізді әлеуметтік желілердің бұғатталып қалатынына шағымданған. Бұған дейін сіз осы мәселенің себеп-салдарын анықтап көретінізді айтқаныңыз. Анықтай алдыңыздар ма?

**Дәурен Абаев:** – Одан кейін мұндай техникалық шектеулер азайған сияқты. Бұл сұрақ Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің құзыретінде емес. Бірақ мамандармен ақыл-

дасқанда олар техникалық шектеулер әлі де болуы мүмкін екенін айтты. Бұны жақын арада шешетін шығар.

## ДАУ ТУДЫРҒАН БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

**Азаттық:** – БАҚ туралы заңға өзгеріс енгізілгенде журналистер тарапынан сізге көп сын айтылды. Дәл осы заң жобасын мақұлдату кезіндегі қызметіңізді ескере отырып өзіңізге қандай баға берер едініз: ақпараттың еркін таралуын қолдау министрісіз бе, әлде ақпаратты сұрыптау хәм реттеу министрісіз бе?

**Дәурен Абаев:** – Әр сынға өзім жақсы қараймын. Сын арқылы мен ғана емес, бәрі жұмысын жақсартады деп сенемін. Мұндай бағаны бізге қатысты кәсіби қоғам қояды деп ойлаймын. Бұл жерде өздеріңіз қоясыздар.

**Азаттық:** – Яғни, сіз пікірді жұрттан күтесіз, өз-өзіңізге баға бермейсіз ғой?

**Дәурен Абаев:** – Мен өз-өзіме бағаны осы жұмыстан кетіп бара жатқанда берейін.

**Азаттық:** – Қазақстанда Ақпарат министрлігінің болуы елдің әлі постидеологиялық кезеңге аяқ басқанын көрсетпей ме? Мұндай мәселе қазіргі заманғы мемлекетке не үшін қажет деп ойлайсыз?

**Дәурен Абаев:** – Көптеген мемлекетте Ақпарат министрлігі бар. Атауы басқа. Кей мемлекеттерде «агенттік», «комиссия» деп аталады. Бұл жерде әр мемлекеттің өзінің дамыған, дамып келе жатқан орнын ескеру керек. Ол бір. Екіншіден, сіздер Ақпарат және коммуникациялар министрлігі тек сөз бостандығын шектеу үшін құрылған деп ойлайсыздар. Мысалы, біз биыл цифрлы радио тарату бағдарламасын бастадық. Одан бұрын елді-мекендерге интернет жеткізу бар, ол да біздің тікелей құзыретімізде. Одан шекарадағы елдімекендерде «Қазақ радиосы» мен «Шалқар» радиосы істемейді. Ол да біздің тікелей құзыретімізде. Сол ақпараттық қауіпсіздік жағын да ұмытпауымыз тиіс деп ойлаймын. Әрине, мысалы, Швейцария тәрізді дамыған елде мүмкін осындай комиссия ретінде қалыптасқаны да жөн шығар. Бірақ, қазіргі біздің жағдайда Ақпарат және коммуникациялар министрлігі болғаны дұрыс деп есептеймін.

**Азаттық:** – Сұхбатыңызға рақмет.

Мысалы, осыдан бес-алты жыл бұрын көліктер қалай болса, солай жүруші еді. Қазір мына бейнекамералардың арқасында жүргізушілердің жолда жүру тәртібі күрт өзгерді. Білім саласында біз үш тілді – ағылшын, орыс және қазақ тілдерін дамытамыз деп жатырмыз. Осы интернеттің арқасында, мысалы, онлайн курстарды жүргізе аламыз. Денсаулық сақтау саласы бойынша қаншама іс-шара, консультациялар жүргізіп, еліміздегі бүкіл процестерді зерттеуге болады. Осы саланы дамытпасақ, көптеген дамыған елдерден қалып қоямыз ба деген қауіп бар.



# «БҮГІНГІ БАЛАЛАР ҰЯЛМАЙДЫ, СЕБЕБІ, ОЛАР ҰЯЛМАЙТЫН ШЕШЕЛЕРДЕН ТУЫП ЖАТЫР»

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫНЫҢ ДӘРІСІ



(Соңы. Басы өткен санда)

«Тіршіліктің қадырын өліп, көрде жатқан адам біледі. Тыныштықтың қадырын толғатып, бала тапқан әйел біледі» деді. Мұқағали осыны терең түсінгендіктен «Мопарт. Жаназасы» деген өлең жазып, ол өлеңде көрде жатқан адамның аузына сөз салады:

*Мен сені сүйем Жаныммен сүйем, Жарық Күн!  
Жатсам да сүйем туңғығыңда тамуқтың.  
Ақ сәулең сенің аймалап мені, Жарық Күн,  
Тұрған да болар үстінде мынау табыттың.*

*Ғарыштан құйған ғаламға ортақ шуағың,  
Сезгемін, білгем, Мен үшін бір күн тынарын.  
Тастама мені, Тастама мені, Шырағым!  
Шуағың түссін, Шөп болып, мейлі, шығамын.*

*Қомағай көңіл құмартып өткен әр неге.  
Тірлікте сонау түскемін талай әуреге.  
Кешкен өмір де, Көрген бақыт та, барлығы,  
Жетпейді екен ғой, Бір күндік сенің сәулеңе.*

*Бір күндік сәуле... Бір күндік жарық мекенім!  
Мәңгілік түнек — қапасақ қалай кетемін.  
Келмейді-ау тілім... Өлгеннен сұра дер едім,  
Тірі жандарға, Өмір дегеннің не екенін.*

*Өмір дегенге, Тірлікте, сірә, жетер ме ой.  
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.  
Бекер ғой бәрі, Бекер ғой бәрі - бөтен ғой,  
Өмір дегенің — бір күндік Сәуле екен ғой!..*

*Тамшыдай ғана, нұрына міне, зарықтым.  
Өмір осы екен, сырына міне, қанықтым.  
Жаса сен Мәңгі! Жаса сен Мәңгі! Жарық Күн!..  
Табыттын, табытпын, табыттың...*

Сонда кәзіргі кездегі күнделікті өмірде көп кездесетін ұрыс-керіс, төбелес секілді жағымсыз нәрсенің бәрі неліктен? Өмірді түсінбегендіктен! Тіршіліктің мәнін түсінбегендіктен... Бүгінгі таңда әрбір отбасындағы ең үлкен проблема — осы. Яғни, біздің жастарға біз айтып отырған ақыреттік сана берілмейді деген сөз. Мен ана бір жолы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) Астанадағы «Комфорт» қонақ үйінде өткізген жиналыста мынадай ұсыныс айттым: «Сіздер жаңадан үйленген жас жұбайларға арнап курс ашып-сыздар. Дұрыс-ақ! Бірақ, ондай курсты олар үйленбей тұрып ашу керек! Бір ай ма, екі ай ма оқытып, содан кейін колдарына «некелесуге дайын» деп сертификат беру керек. Жок, сіздер күлмеңіздер! Біз әр адам машинаның руліне отыру үшін алдымен оған жүргізуді үйретіп оқытамыз ба? Оқытамыз! Жол қозғалысының ережелерін жаттатамыз ба? Жаттатамыз! Ал, жастарға некелескен соң қалай өмір сүру керектігін неге оқытпаймыз? Неге үйретпейміз? **Үйретпейміз, оқытпаймыз, содан барады да олар үйленгеннен кейін бір жылға жетпей жатып-ақ апатқа ұшырайды. Бір отаудың шаңырағы күйреп ортасына түскен апат емей немене?!** Екі адамның үміті үзілді. Сенімі сетінеді. Екі тараптың құдалары бірінің бетіне бірі қарай алмайтын қарабет болып қалды. Орталарында бала туып үлгерсе — ал, оның пайда болуынан оңай ешнәрсе жок — ол бала тірі жетімге айналды. Бұның аты Апат емей немене?! Біз

соның алдын алуымыз керек. Ол үшін не істеуіміз керек? Ол үшін оқытуымыз керек. Мүмкін, үйленеміз деп жүрген ол екі жас адам бір-бір жұп емес шығар, бір-біріне сәйкес емес шығар? Бір бірінің сыңары емес шығар? Мүмкін, олар құмарлықтың соңында жүрген шығар? Олар сүйеміз деп ойлайтын шығар?

Сүйеміз де «сүйеміз!» деп былжырап, Қасақана, қаратүнек тұнжырап, Қанша адамды алдаймыз біз өмірде, Сондықтан да қанша сәби жүр жылап... Жұматай ақын осылай дейді. Сүйеміз ғой біз... Сүйеміз біз, құмармыз!

Неліктен біз ғашық емес, құмармыз? — дейді Жұматай.

Бұл — екінші проблема. Бірінші проблема — ол қазақ отбасындағыларда ақыреттік сананың жоқтығы. Өйткені, неке — біріне деген адалдық, тазалық, жауапкершілік. Сен біреудің мәпелеп отырған қарқаралы қызын әйелдікке алдың ба — енді сен Алла-Тағаланы жауап бересің. Себебі, сен оны аманатқа алдың! Бірақ, өкінішке қарай біздің жастарымыз осы неке деген адам өміріндегі ең маңызды, ең жауапкершілігі күшті қасиетті ұғымның философиясының байыбына бара алмайды, тереңіне бойлай алмайды. Сол себепті жыл өтпей жатып ажырасу. Тіпті, ай өтпей жатып «талақ» дейтіндер пайда болды. Орысша айтқанда әйелді қолындағы қолғап секілді ауыстырады. Ал, адамның тағдыры ешкімнің басын ауыртып, қабырғасын қайыстырмайтын болып алды.

Бүгінгі қазақ мектебіндегі балаларға білім беретін, білімнен бұрын тәрбие беретін мұғалімдердің 47 пайызы — жалғызбасты әйелдер! Балаларының әкесі жоқ әйелдер... Мектепте төбелестен жеңілмейтін бір бала бар екен. Бірақ, қарсыласының біреуі «сенің әкең жоқ!» десе сылқ етіп құлайды екен...

Сіздер қараңыздаршы, ойлаңыздаршы, бүгін біздің эгоистігіміз қандай — «өзім үшін бала туып алдым!» дейді. Ал, бала қалай өседі? Ол ертен құрбы-құрдастарына кімнің

баласымын деп айтады? «Әкең қайда?» десе не жауап береді? «Иссапарға кеткен» дей ме? Бітпейтін-қоймайтын қандай иссапар ол?..

Міне, сондықтан отбасының күйреуіне бірінші себеп — бізде ақыреттік сананың жоқтығы. Алла-Тағаланың атын айттып некелестің бе — ол әйел енді сенің аманатың. Шарифат бойынша қыз бала тұрмысқа шыққанға дейін ата-анасының мойнындағы аманат. Тұрмысқа шыққаннан кейін ол аманат енді ерінің, күйеуінің мойнына өтеді. Неке дегеніміз — осы. Сен некелестің ғой? Сен Алла-Тағаланың атын атап уәденді бердің ғой? Молда сенен «пәленшенің қызын әйелің етіп алуға келісесің бе?» деп сұрады ғой? Сен сол кезде: «Иә, келісемін!» деп уәде бердің ғой? Иә, иә, сен мас болып тұрсың, бақыттан басың айналып тұр... Түсінеміз. Бірақ, уәденді бердің ғой? Қазақ: «Айтсаң — уәдене жет! Уәдесіз — Құдайға шет!» дейді.

Біз Алла-Тағаланы ауызға алып, уәде береміз. Демек, біз өзімізді мұсылманбыз деп санаймыз ғой, дұрыс па? Ал, мұсылмандық бірінші кезекте неден байқалады? Мәшһүр-Жүсіп атамыз: «Мұсылманшылықтың басты, бірінші белгісі — уағдаға опалы болу» дейді. Уағда, яғни, уәде. Опа деген нені білдіреді? Опа — берген сөзіне адалдықты білдіреді. Айтқан сөзде тұрмайтын адамды кім деп атайды? Дұрыс, «опасыз» деп атайды...

Мәшһүр-Жүсіп атамыз айтады: «Мұсылманшылықтың екінші белгісі — нәпсінің пайдасы мен зияны таласып келгенде нағыз мұсылман зиянды өзіне алып қалып, пайдасын өзге адамға беруінде» дейді. Ерлі-зайыптыларға ең керек нәрсе — осы. Мысалы, түнде бала жылады дейік. Сол кезде нағыз мұсылман еркек әйеліне «сен шаршадың ғой, жата тұр, баланы мен өзім жұбатайын немесе баланы өзім тосып келейін» деп, ұйқысын қиып, орнынан тұрады екен. Нәпсісіне зиян келіп тұр ғой? Кешегі кездесуде бір қарындасымыз маған «сізден өтініш, еркектерге айтыңызшы»

деді. «Қазақ бұрын ауылда қауымдасып өмір сүрген. Еркек алаңсыз далада өз шаруасымен жүре берген. Өйткені, ауылда ене де, жеңге, абысын да, бәрі бар. Кәзіргі еркектерге қиын. Ол ененің де рөлін, жеңгенің де рөлін, абысынның да рөлін атқару керек. Бүгінгі жас әйелдің қасында да енесі жоқ. Жеңгелері де жоқ. Абысындары да жоқ. Өне сол әйел бала туып босанып, босанған соң екі күннен кейін шығарып перзентханадан үйіне келіп, омыртқасы үзіліп, тар құрсағын кеніткен, тас емшегін жібіткен баласын баурына қысып емізіп, еш нәрсеге жарамай жатқан кезінде даладан келген күйеуі оған «шай қойсайшы!» дейді... Осыны еркектерге айтыңызшы» деді. Мен сол қарындасымыздың маған артқан аманатын орындап, айтқан өтінішін сіздерге жеткізіп отырмай...

Міне, көрдіңіздер ме, біз еркек болғаннан кейін өз нәпсімізді тыып, оған зиян келтіріп, істің ауырын мойнымызға алуымыз керек еді, ал, біз болсақ керісінше, бар жүкті әйелдің мойнына артып қоямыз. Сол шәйнекке отты өзіміз жағып, шәйді өзіміз қойып-ақ ішсек те болады ғой... Тіпті, әйелдердің жылына бір-ақ рет келетін 8-наурыз мерекесі күні де әйелдер жұмыс істейді.

Біз осылайша мұсылманшылықтың екінші шартын да орындамай жүрміз. Ал, қазақ не дейді? Қазақ «пайда зиянның арғы жағында» дейді. Нәпсіңіз зиян шегуі арқылы рухыңыз пайда табады. Сізге біреу жүз долларлық бір көйлек, мың долларлық бір көйлек берді дейік. Өз кезегіңізде сіз де біреуге сыйлық жасауыңыз керек болып қалды. Сіз дайын тұрған екі көйлектің қайсысын сыйлайсыз? Әлбетте, жүз долларлықты. Өйткені, нәпсіңіз «жақсысын алып қал!» деп тұр ғой. Ал, шын мұсылман адам жақсысын сыйлау керек. Бірақ, ол қиын. Өте қиын...

Автобуста отырсыз. Жасы үлкен адам кірді. Сізге нәпсіңіз «тұрма, отыр!» дейді. Ақылыңыз: «Тұрсайшы, ұят болады ғой» дейді. Нәпсіңіз: «Тұрма, ұялы телефоныңа шүкшия қал, көрмей отыр деп ойлайды» дейді. Нағыз мұсылман болсаңыз, орныңыздан атып тұрар едіңіз. «Бұл сөзді автобуста отырған жастарға айту керек екен» дейсіз бе?.. Мен енді бәрін тастап, автобуска шығып лекция оқиын, ә? Солай ма? Ал, сол автобуста үлкен орын бермей отырған баланы сіз туып отырсыз... Баланы автобуста емес, алдымен үйде тәрбиелеу керек! Үйде! Сіз ақылды үйде айтсаңыз, балаңыз автобуста орын береді. Орын берген балаға үлкендер алғыс айтады: «Көп жаса! Бақытты бол! Сені тапқан анаңнан айналайын!» дейді... Сіз үйде отырып жақсы адам атанасыз. Отан — отбасынан басталады! «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің». Отбасында тәрбие алмаған адамды автобуста тәрбиелей алмайсыз...

«Әкеге қарап үл өседі, шешеге қарап қыз өседі». Сіз күйеуіңізді үйіңізде үнемі жерге тығып отырсаңыз, ертең сіздің ұлыңыз да бір әйелдің «астына барып» түседі. «Подкаблучник» болады...



Еліміздегі алғашқы жоғары білім ордасы болып табылатын Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің бүгінгі таңдағы еңсесі биік. Университет алғаш құрылған кезден бастап күні бүгінге дейін басынан сан алуан тарихты өткізе отырып, қоғам өмірінің барлық салалары үшін білікті мамандар даярлауда еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің көшін бастап келеді.

Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1927 жылғы 23-наурызда қабылдаған қаулысы негізінде 1928 жылғы қазанда тұңғыш Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. Алғашқы кезде онда педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық факультеттер құру жоспарланды. Алайда кең байтақ қазақ сахарасындағы сауатсыздықты жою жөніндегі кезек күттірмес міндет бәрінен бұрын педагог кадрларын қарқынды түрде даярлауды талап еткендіктен, алғашқы университетті педагогикалық бағытта ашуды өмірдің өзі ұсынды. Тұңғыш жоғары оқу орнында әуелде физика-математика, жаратылыстану және лингвистика-педагогикалық бөлімдерден құрылған жалғыз ғана факультет болды. Тұңғыш жоғары оқу орны 1930 жылдан бастап Қазақ педагогикалық институты (ҚазПИ) деп аталып, оған 1935 жылы ұлы ойшыл, ақын Абайдың есімі берілді. Ол бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті деп аталады.

Алғашқы кезден бастап оқу орнында сапалы мамандар даярлау үшін оқытушы – профессорлар құрамын білікті педагог-ғалымдармен жасақтау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Қазақ халқының аяулы перзенттері, ұлтымыздың мақтаныштары Ораз Жандосов, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Халел Досмұхамедов, Илияс Қабылов, Бәймен Алманов, Темірбек Жүргенов институт қабырғасында дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеуге белсене атсалысты. Белгілі тіл мамандары Қ.Жұбанов, М.Әуезов, С.Аманжолов, М.Жолдыбаев, математик Ә.Ермеков және басқа да ұлттық ғалымдарымыз оқытушы-профессорлар құрамының алдыңғы сапында болды.

Институт басшылығы осындай күрделі кезеңде Мәскеу мен Ленинград университеттерінің көмегіне сүйенді. Олар Қазақ педагогика институтына кітап қорымен, оқу және әдістемелік құралдарымен, зертханалық жабдықтарымен көмектесіп отырды. Мәскеуден Қазақ педагогика институтында жұмыс істеу үшін әдебиетші-ғалым Н.Н.Фатов, математик Б.Л.Кругляк, физика маманы В.Ф.Литвинов, биология ғылымдарының докторы С.В.Логинов, эмбриолог А.А.Захваткин тәрізді көптеген белгілі ғалымдар келді.

Сонау Қазан төңкерісінен бұрын, қазақ сахарасынан қараңғылық бұлтты әлі сейілмей тұрған кезде, ағартушылық ұран тастап, бүкіл қазақ жұртын дүр сілкіндірген Ахмет Байтұрсынұлы сол кездің өзінде-ақ халқым білімді жұртпен тенеңсе екен деп, жас ұрпаққа арнап өнегелі сөздер, оқулықтар жазса, Алматыда тұңғыш қазақ университетін ашуға да жанталаса үлес қосқан қайраткерлеріміздің бірі болған. Ахан Қазакстанның тұңғыш жоғары оқу орнында студенттерге тіл білімінен дәріс оқыды, тіл және әдебиеттен «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш», Жүсіпбек Аймауытов «Психология» («Жантану»), Мағжан Жұмабаев «Педагогика» оқулықтарын жазды.

Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиеті тарихынан оқыған лекциялары да тыңдаушыларын білім айдынына қанаттандыра түсті. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Ораз Жандосов пен Халел Досмұхамедов та оқу орнын қалыптастыру ісіне белсене атсалысып, болашақ мамандарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ұстаздар болды.

Алғашқы жоғары оқу орнын ашуға, оны қалыптастыруға зор еңбек сіңірген алғашқы ректор Санжар Асфендияров есімін ерекше ілтипатпен атаған жөн. Оның кастерлі есімі оқу орнының тарихында алтын әріптермен жазылды. Араб, парсы, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерген, қала берді оқу-ағарту ісінің қайраткері, дарынды ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері С.Асфендияров университеттің ұйымдастырушылық жұмысын жан аямай атқарды, алғашқы студенттерді қабылдады. Оқу орнының оқу-материалдық базасын қалыптастыруға, оны оқулықпен, оқытушылармен қамтамасыз етуге өлшеусіз үлес қосты.

Ол кейін, 1930 жылы, Алматы медицина институтын ашуға да белсене атсалысып, оның да алғашқы ректоры, кейін республика Денсаулық сақтау Халық комиссары және Халық ағарту комиссары болды.



Тақир БАЛЫҚБАЕВ,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Осы ретте қазақтың көрнекті ақын-жазушылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, білікті мұғалім кадрлары мен ғалымдарының үлкен шоғыры осы ҚазПИ-ден шыққанын ерекше атап өткен жөн. Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Құдайберген Жұбанов және т.б. ғалымдар оқу орнында ұстаздық етті. ҚазПИ профессорлары Қазақстандағы басқа да жоғары оқу орындарына арнап мамандар даярлау ісіне белсене атсалысты.

Алғашқы жылдардан бастап институт бастауыш және орта мектептердің білікті мамандарын даярлап шығара бастады. Уақыт өткен сайын мамандар даярлау сапасы анағұрлым жақсарды, студент-шәкірттерді оқытып-тәрбиелеудің саикалы дәстүрлері қалыптасты. Оқу орны ғылыми ойдың орталығына айналды. Тіл мен әдебиет, тарихқа қоса жаратылыстану ғылымдарының сан саласы бойынша да алғашқы зерттеулер жүргізілді. Сонымен, отызыншы жылдардың аяқ кезінде тәжірибие жинақтауы, материалдық-техникалық базасының нығайтылуы, білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар

қатарының көбеюі жағынан ҚазПИ-дің оқу-ғылыми орталығы ретіндегі рөлі өлшеусіз өсті.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы басталғанда ҚазПИ-дің көптеген студенттері мен оқытушылары майданға аттанды. Ұрыс далаларында көрсеткен ерен ерліктері үшін ҚазПИ-дің көптеген оқытушылары мен студенттері жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Мәскеуді неміс-фашист басқыншыларынан қорғаудағы ерен ерлігі үшін атқыштар батальонының саяси жетекшісі Мәлік Ғабдуллин Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Өзі батыр, өзі әдебиетші-ғалым Мәлік Ғабдуллин кейінірек ҚазПИ-ді ұзақ жыл басқарып, оның дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Сондай-ақ, ҚазПИ-дің белгілі оқытушылары мен студенттері Лесбек Жолдасов, Қанаш Қамзин, Құдайберген Сұрағанов, Рахымжан Токатаев, Ахмедияр Құсайынов, Сәду Шәкіров, Евгений Бреусов майдандағы

ішінен еліміздің ғылым, білім, мәдениет салаларын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан белгілі ғылым және қоғам қайраткерлері М.Әбдіхалықова, Т.Тәжібаев, А.Закарин, К.Айманов, А.Сембаев, Н.Жанділдин, Б.Белтірікова, Ә.Шәріпов, Е.Мәмбетқазиев, Ө.Жәнібеков, М.Ахметова, А.Тұмарбекова сияқты аға ұрпақ өкілдерінің есімін құрметпен атаймыз. Қасиетті кара шаңырақтың сан қилы тарихында университеттің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан, көргені мен түйгені мол тәжірибелі басшылар мен қоғам қайраткерлерінің алатын орны ерекше.

80-жылдары институтта жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарында халыққа білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелер зерттеліп, жыл сайын оқу-әдістемелік конференциялар өткізілді.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы және нарықтық қатынастар жолына түсіп, әлемдік бірыңғай экономикалық кеңістікке шығуы, нарықтық жағдайда

# ТҰҢҒЫШ БІЛІМ

жанқиярлық ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атанып, омырауларына Алтын жұлдыз қадады.

Соғыстан кейінгі жылдары мектептерде маман мұғалім кадрларына деген қажеттілік күрт өсті, сондықтан, студенттер қабылдау, әсіресе сырттай оқуға қабылдау саны еселей артты. Егер 1946 жылы күндізгі бөлімнің бірінші курсына 362 студент қабылдана, сол жылы институтты сырттай 60 адам ғана бітірді. Ал 1956 жылы күндізгі бөлімге 567 студент оқуға түссе, сырттай оқуды 594 адам тәмамдады.

Абай атындағы ҚазПИ 1978 жылғы өзінің 50 жылдық мерейтойын лайықты табыстармен қарсы алды.

Көрнекті әдебиет, мәдениет және ғылым қайраткерлері: С.Аманжолов, Х.Бекхожин, Қ.Жұмалиев, О.Жәутіков, М.Қаратаев, А.Ысқақов, А.Қалыбаева, С.Қирабаев, А.Нүсіпбекова, Ш.Сәтпаева, Р.Сыздықова осы оқу орнының мақтан тұтар түлектері. Олар ҚазПИ-де мамандар даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосты. Біз бүгін қазақ білім ордаларының қара шаңырағында білім алған түлектердің

жұмыс істеуде мектептерді жаңа сападағы педагогикалық мамандармен қамтамасыз ету үшін жоғары білім саласында түбегейлі өзгерістерді қажет етті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында кездескен экономикалық қиындықтарға қарамастан 1992 жылы 24-қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Абай атындағы ҚазМПУ Алматы Мемлекеттік университеті (АлМУ) болып классикалық типте қайта құрылды.

2003 жылы 26-қыркүйекте Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың № 1201 Жарлығымен қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ)» болып қайта құрылып, «ұлттық» мәртебені иеленді. 2007 жылы 24-қыркүйекте университет жоғары білім көшбасшыларының Оксфордтағы саммитінде (Ұлыбритания) «XXI ғасыр көшбасшылары» бағдарламасы аясында «Біріккен Еуропа» және «Еуропалық сапа» тәрізді халықаралық марапаттарға ие болды. Ал, 2007 жылы университетке «Сапа саласындағы жетістігі үшін» Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы, «Алтын сапа» белгісі тапсырылды.

Университетіміздің бұл табысында оқу орнын әр жылдары басқарған Санжар Сейітжаппарұлы Асфендияров, Бәймен Алманұлы Алманов, Серғали Еспембеноұлы Толыбеков, Халел Мұхамеджанұлы Әділгереев, Ахмеді Ысқақұлы Ысқақов, Асқар Зақарияұлы Закарин, Мәлік Ғабдоллаұлы Ғабдуллин, Жұмабек Жүнісбекұлы Жүнісбеков, Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымов, Токмұхамед Сәлменұлы Садықов, Серік Жайлауұлы Пірәлиев сынды белгілі ғалым, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің үлесі зор.

Абай атындағы ҚазҰПУ ежелден өзіндік қалыптасқан классикалық дәстүрлері, ұлттық ерекшеліктері бар оқу орны. Біздің оқу-тәрбие жұмысымыздағы ең басты бағыт – ұлттық идея, елдік мұрат. Бұл не деген сөз? Яғни, университетімізде жоғары білімді кәсіби мамандар даярлау ісі ұлттық құндылықтарға, халықтық тәрбие негіздеріне, білім берудің заманауи инновациялық технологияларына құрылған оқу-тәрбие ісі арқылы жүзеге асырылады. Біздегі оқу мен тәрбие мәселесі ұлттық кадр-







# ЖОҒАРЫ ОРДАСЫ



ларды даярлау ісіне, жаһандағы өзгерістерге бейім және жаңа білімді менгеруге қабілетті болашақ қазақстандықтарды тәрбиелеу ісіне тікелей бағытталған, сондай-ақ кең өрісті базалық және кәсіби мәдениетке негізделген. Өйткені қазіргі қоғам білім мен ғылымның, тәлім мен тәрбиенің тұтастығына құрылған университеттік білімді сақтау мен оны шығармашылық тұрғыда дамытуға мүдделі. Сондықтан да біздің педагогикалық ұжым болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру ісінде ғана емес, олардың азаматтық жауапкершілігін, отаншылдық рухын, елдік қасиеті мен ұлттық ар-ожданын қатар тәрбиелеуге баса назар аударады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай университетіндегі оқу-тәрбие ісіндегі стратегиялық түпкі мақсат – елдің болашақ мамандарының кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілген, бәсекеге қабілетті болуына барынша қолайлы жағдай жасау. Біздің педагогикалық бағыттағы классикалық үлгідегі университетіміздің басқа жоғары оқу орындарынан басты ерекшелігі де осында.

Білім саласында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың инновациялық ойтұжырымдарының қоғамдағы орны мен рөлінің маңызы зор екенін атап айтуымыз керек. Елбасы өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында Қазақстандағы білім беру жүйесінің барлық деңгейі бүгінгі қажеттілікке және экономиканың талаптарына сәйкес келуі керек екенін, сонымен бірге мұғалім мәртебесін арттыру қажет екенін атап көрсете келе, «Білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді менгеру қабілетін дамыту болса керек», – деген болатын. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркез еске салып отыратын Нұрсұлтан Әбішұлы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» да жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету және қосымша 20000 грант бөлу туралы кезек күттірмес міндеттерді алға қоюы Елбасының білім салсына деген үлкен қамқорлығының айғағы.

Шын мәнінде адам ресурсы –

еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі қайнар көзі, басты факторы, ал білім жаңа экономикалық өсу моделіміздің орталық буыны болып табылады. Алайда, жоғарыда айтып өткенімдей, жоғары рухани құндылықтарсыз, жастарымызға елдік идеяларға сай тәрбие бере алмай тұрып, ұлттық экономиканың гүлденуіне қол жеткізе алмайтынымызды ұмытпағанымыз абзал.

Университет ұжымы Мемлекет басшысының қазіргі таңдағы білім саясаты мен алға қойған міндеттерін жүзеге асыру үшін жұмыла еңбек етуде. Осы орайда айта кету керек, біздің университет өзінің статусына сай «Білім», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары», «Техникалық ғылымдар және технологиялар», «Әлеуметтік ғылымдар және бизнес», «Өнер», «Құқықтану» мамандықтары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ірі ғылым және білім орталығы болып табылады. Сонымен бірге әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша халықаралық қатынастар және құқықтану, экономика және бизнес, педагогикалық білім беру салаларында ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындайтын көпсалалы орталық. Бүгінгі таңда 135 мамандық бойынша білім береді.

Осы тұста былтырдан бастап оқу орнында жаңа ұйымдастыру құрылымы енгізілгенін тілге тиек етсек орынды. Бүгінгі уақытта университеттің білім беру қызметін мамандандырылған 7 оқу Институты іске асырады. Атап айтсақ, олар – Педагогика және психология; Математика, физика және информатика; Филология және көптілді білім беру; Өнер, мәдениет және спорт; Жаратылыстану және география; Тарих және құқық; «Сорбонна – Қазақстан» институттары мен Шетелдік азаматтарға арналған және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультеті. Университетте маман дайындау бағыттары бойынша 36 кафедра, сонымен қатар 4 жалпы университеттік кафедра – әскери кафедра, денешынықтыру және спорт кафедрасы, педагогика кафедрасы, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы жұмыс істейді.

Ғылыми зерттеу институтта-

ры мен ғылыми орталықтар Ғылыми инновациялық паркі (ҒИП) болып қайта құрылды. Сондай-ақ, бірнеше жаңа құрылымдық бөлімшелерді ашып, жүйеге қойдық. Мысалы, біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығы, студенттерге цифрлық қызмет көрсететін «Шапағат» орталығы, Білімді ақпаратандыру мәселелері және білім технологиялары халықаралық ғылыми зертханасы, Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасы, Қаржылық талдау бөлімі, университет бюджетін жоспарлау және оның орындалуын бақылайтын бюджет комитеті құрылды. Университетте 8 диссертациялық кеңес, жас ғалымдар кеңесі, ЮНЕСКО педагогикасы кафедрасы, Ғылыми кітапхана және «Ұлағат» баспасы жұмыс істейді.

Абай атындағы ҚазҰПУ әлемдегі үздік университеттер қатарында жыл сайын өз позициясын жақсартып келеді. QS World University Rankings әлемдік рейтингінде 2018 жылдың қорытындысы бойынша университет 481 орынды иеленді (2017 - 491 орын).

2018 жылы Emerging Europe & Central Asia Еуропа мен Орталық Азияның дамып келе жатқан 30 еліндегі 200 үздік университеттер арасында 86 орында тұрса (2017 - 91 орын), республиканың педагогикалық жоғары оқу орындары арасында көш бастап келеді. Білім саласындағы Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан тәуелсіз агенттігінің Бас рейтингінде педагогикалық мамандықтарға арналған 32 білім беру бағдарламасы үздік үштікке енді. Университеттің 51 оқу бағдарламасы халықаралық және ұлттық аккредитациядан өтті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ерекше мәртебесі бар еліміздің жетекші педагогикалық жоғары оқу орны ретінде елімізде педагогикалық кадрларды дайындауды оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету орталығы болып табылады. Шетелдік әріптестермен бірге дайындалған педагогикалық мамандықтар бойынша жаңа үлгідегі оқу бағдарламаларын енгізу жұмыстары кең жолға қойылған. Көптілді білім беруге бағытталған Кембридж, Сассекс университеттері ғалымдарымен және

еліміздің педагогикалық ЖОО-мен, мектеп ұстаздарымен бірге Физика, Информатика, Химия, Биология мамандықтарын ағылшын тілінде оқытуға арналған оқу бағдарламалары әзірленді.

Университеттің осы білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін 19 оқулық ағылшын тілінде дайындалды. Университетте бакалавриат, магистратура және докторантура – 13 мамандықты ағылшын тілінде оқыту қолға алынды. Осы орайда еліміздің орта білім беру жүйесіндегі оқулықтардың 85 пайызын біздің университетіміздің ғалымдары жазғанын атап өткенім жөн сияқты.

Оқу орны қызметінде халықаралық ынтымақтастық маңызды орын алады. Бүгінгі таңда Абай атындағы университет 11 халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға мүше. Әлемнің 23 мемлекетіндегі шетелдік университеттермен бірлескен жұмыстар бойынша 130 келісімшарт, меморандум жасалды.

2014 жылғы қыркүйекте Францияның 800 жылдан астам тарихы бар Сорбонна-Париж сити университетінің филиалы «Сорбонна-Қазақстан» институты ашылғаны университет өміріндегі елеулі оқиға болды. Бұл Париж Сорбоннасының әлемдегі екінші, ал Орталық Азиядағы бірінші филиалы екенін еске саламын.

Университетте жалпы саны 790 профессор-оқытушы дәріс оқиды. Ғылыми дәрежесі мен атағы барлар – 528 адам, оның 134 ғылым докторы, профессор, 349 ғылым кандидаты, доцент және 45 Ph.D. докторы еңбек етеді. Сондай-ақ, бізде 14 ҚР ҰҒА академиктері мен корреспондент-мүшелері, 45 басқа да қоғамдық академиялардың академиктері қызмет істейді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті өз болашағын зерттеу университеті ретінде дамыту бағдарын қолға алуда. Университетте ғылыми зерттеулердің басымы бағыттары анықталған. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық еңбегінен туындайтын міндеттер, үштілді білім беру, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселелеріне байланысты Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің міндеттері, «Цифрлық Қазақстан» және ақпараттық-компьютерлік 3D-технологиялар негізінде жаңа білім ресурстары бойынша зерттеулер жүргізілуде. Сондай-ақ, «Цифрлық университет», «Инновациялық университет», «Әлеуметті жауапты университет», «жалпыға қол жетімді Ашық университет», «инфрақұрлымы бойынша Жайлы университет», мұғалімдер мен оқытушылардың біліктілігін арттырудың көшбасшысы сияқты мәртебелерге қол жеткізу үшін күресуде. Университет стратегиясының басты мақсаты – ең озық әдістер мен бағдарламалар негізінде ХХІ ғасыр педагогтарын даярлау, таяу жылдары білім алушылар санын 10 мыңға жеткізу, шетелдік университеттермен бірлесе отырып, педагогикалық мамандықтар бойынша 15-тен аса «қос дипломдық» білім беру бағдарламаларын енгізу, бізде оқитын шетелдік студенттердің үлесін 5 пайызға көтеру және QS World University Rankings әлемдік рейтингісі бойынша 450 орынға көтерілу.

Жалпы, университеттің білім мен тәрбие жөніндегі атқарып отырған іс-қызметі орасан. Университеттің тарихы терең, болашағы ерен дейтін болсақ, сол тарихты бастауында тұрған Алаш қайраткерлерін де университет ұжымы бір сәт естен шығарған емес. Қасиетті қара шаңырақтың сан қилы тарихында университеттің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан, көргені мен түйгені мол тәжірибелі басшылар мен қоғам қайраткерлерінің алатын орны ерекше. Мұның бәрі келешек ұрпақтың кемел тұлға болып қалыптасуына жарқын жол ашатын өнегелі тәрбие құралдары.

# ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ РАЗЛОМ В РК: конфликт «арабского» и «степного» ислама

Новый учебный год в Казахстане начался очередной «войной» в религиозной сфере. 1 сентября в селе Фердауси Туркестанской области на занятия пришли свыше 200 учениц с покрытой головой. В итоге разъяснительной работы с родителями абсолютное большинство учениц согласилось с требованием руководства школы снять платки. В селе живут в основном этнические таджики.

## ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ РАЗЛОМ: КОНФЛИКТ «АРАБСКОГО» И «СТЕПНОГО» ИСЛАМА

Похожие события случались в Мангистауской, Западно-Казахстанской и Южно-Казахстанской областях. В Актобе который год идет конфликт руководителей школ с родителями школьников в хиджабах. Были судебные разбирательства — родители проиграла суды.

В стране идет цивилизационный разлом — продвижение «арабского» ислама. Толерантный «степной» ислам органически сосуществовал с тенгрианством. В течение веков между ними был достигнут удачный симбиоз, без войн и потрясений многие элементы тенгрианства вошли в «степной» ислам, в том числе вера в Аруахов, почитание природы, свадебные, погребальные обряды, открытое лицо женщины и др.

Корни национальной музыки, эпоса, устного народного творчества, изобразительного искусства, архитектуры, одежды и т.д. имеют доисламское происхождение. Как и относительно равноправие мужчин и женщин: вспомните хотя бы айтысы между ними (например, Дина Нурпеисова участвовала в айтысах), игру «Кыз куу» — если девушка на коне догонит, то стегает камчой парня (а сейчас требуют не только хиджаб, но и раздельной учебы и работы, бить камчой жену и т.д.), не говоря о девушках-батырах. Об этом надо помнить всем: имамам, государственным служащим, педагогам, идеологам и т.д. Еще в начале XX в. казахи шли в бой с именем Аруахов. Те же мазары, против которых ополчились исламисты, имеют корни в древних курганах.

Особенности «степного» ислама принимали и учитывали во всем мусульманском мире — это выразилось, в частности, в признании учения известного из суфиев Ходжа Ахмет Яссауи, который способствовал «примирению» ислама с тенгрианством.

В Степи девочки и девушки ходили с непокрытой головой — покрывали после замужества. Для них были специальные украшения, которые издавали мелодичные звуки: их издавали шолпы (насосное украшение), шашбау (височное, накосное украшение) — своеобразные металлические подвески для кос молоденьких девушек. В прохладное время для девушек предусматривались головные уборы двух типов: тубетейка «такая» и теплая шапка с меховой опушкой — «борик». Такую тубетейку девушки носили до самого замужества. Женский головной убор наподобие саукеле известен с древности — есть артефакты.

А сейчас национальная одежда вытесняется арабской. Ведь камзол, саукеле и др. аксессуары одежды имели доисламскую историю и дожили до наших дней. Ныне участились случаи похорон в день смерти, как принято в арабских странах из-за жары, а торжества проводятся без музыки и танцев. Под категорию «харам» подпадают многие виды искусства, традиции, обычаи. Например, те же садака, беташар, жеті нан, казахская музыка и т.д.

В 1992 г. приняли «самый демократичный» закон о религии и запустили религиозные организации всевозможных мастей, а вместе с ними и «идеологических диверсантов».

И началась война за умы наших граждан: в школах, кинотеатрах шли собрания Свидетелей Иеговы и др., миссионеры открывали свои представительства, молодежь отправлялась на учебу в зарубежные религиозные заведения, многие из которых впоследствии проводили свою «политику», и т.д. И зародилась мировоззренческая «каша» — необходимое условие для цивилизационного разлома.

## ЗАКОНОДАТЕЛЬНАЯ ОСНОВА ШКОЛЬНОЙ ФОРМЫ

Такая перспектива была понятна еще в лихие 90-ые гг. Эта тема была актуальна и 10 лет тому назад, когда хотели принять новый закон о религии, но против принятия выступили правозащитники, «демократы» и т.д. Это было перед Саммитом ОБСЕ в Астане в 2010 г. и закон не приняли. Помню, правозащитник Евгений Жовтис говорил: зачем нужен закон — ведь терроризма нет. В начале 2009 г. я написал в газете «Жас казак үні» серию статей о необходимости принятия нового закона о религии, выступал в защиту традиционного ислама и культуры.

А сейчас появились преподаватели, придерживающиеся канонов «чистого» ислама, много защитников арабского хиджаба, «салафитов», уже чаще звучат слова «по законам шариата должно быть так» и т.д. Уже не действуют разъяснения представителей ДУМК о том, что по канонам ислама голову покрывают не девочки, а девушкам при достижении половой зрелости.

По Конституции РК — светское государство, и религия и религиозные объединения отделены от государства. Система образования и воспитания в Казахстане, за исключением духовных (религиозных) организаций образования, отделена от религии и религиозных объединений и носит светский характер.



Основной закон не регламентирует школьную форму, но это имеется в законах в соответствии с Конституцией, в которой отмечены общеобязательные стандарты образования.

Конституция РК, ст. 30. п. 4. «Государство устанавливает общеобязательные стандарты образования. Деятельность любых учебных заведений должна соответствовать этим стандартам». Возможно, в общеобязательные стандарты образования входит и школьная форма, как и типовые проекты школ, типовые правила организации деятельности учебных заведений, школьная программа и т.д.

Кроме приказа министра образования и науки РК о единой школьной форме от 14 января 2016 г. № 26 есть Закон РК от 27 июля 2007 г. «Об образовании». В соответствии с подпунктом 14-1 статьи 5 этого закона Уставом школ вводится единая школьная форма для учащихся 1-11 классов. В единичных рекомендациях имеется перечень вещей к школьной форме, даны все характеристики, вплоть до длины юбок и т.д. В нем отсутствует головной убор. К тому же в законе прямо говорится: «При этом включение элементов одежды религиозной принадлежности различных конфессий в школьную форму не допускается».

Согласно Уставу о единой школьной форме в светской школе не предусмотрен головной убор внутри помещения — ни такая, ни косынка, ни хиджаб. Школьную форму ввели с 2003 г., но конфликты идут в последние годы — это ясный сигнал о распространении религии в стенах школ и вузов.

Все должны посещать школу с единой формой, как во многих развитых странах. Это не есть нарушение прав человека: какая может быть дискриминация по религиозным признакам 6-летнего ребенка, который пришел в светскую школу за светским образованием? Но если родители хотят дать религиозное образование, на то есть медресе, воскресные школы и т.д. Однако государственных школ с религиозным обучением не будет — у нас светское образование.

## ГРАЖДАНСКИЕ ОБЯЗАННОСТИ «ВЫШЕ» ПРАВА НА СВОБОДУ СОВЕСТИ

Некоторые сторонники хиджаба хотят подать эту проблему не как религиозную, а как бытовую — мол, это лишь платки. Но тогда с медицинской точки зрения голова и волосы должны «дышать». Постоянное ношение платка, в том числе в теплое время на улице и помещении, вредно: не дает коже дышать и вызывает опрелость и прыщи у детей.

